



ҚАУЛЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 8 сәуір

Қостанай қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 94

город Костанай

**Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы
№ 496 «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

13, 14 және 15-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні – өңірдегі мемлекеттік мекемелердің қызметшілеріне және азаматтық қызметшілерге, сондай-ақ халықтың басқа да топтарына үздік әдістемелерді пайдалана отырып, мемлекеттік тілді, Қазақстан халқының тілдерін және ағылшын тілін оқыту, қажетті материалдық-техникалық жағдай жасау, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты азаматтардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқыту бойынша білім беру қызметін көрсету және оқу процесін оқу-әдістемелік және ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, оқытудың үздік заманауи әдіс-тәсілдерін зерделеу, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың тұжырымдамасын іске асыру бойынша Қостанай облысында бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының тілдеріне және ағылшын тіліне оқытуды ұйымдастыру;

2) мемлекеттік қызметшілерді, сондай-ақ халықтың басқа да топтарын мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының тілдеріне және ағылшын тіліне оқытуды ұйымдастыруға қажетті материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

3) интерактивті және бірінғай оқыту жүйесін, инновациялық-әдістемелік бейнесабақтарды, оқыту-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, тілдерді интенсивті оқыту бойынша көрнекі құралдарды әзірлеу және тарату;

4) мемлекеттік тілді білу деңгейі мен меңгеру дағдыларын тексеру мақсатында «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша аралық сынақтар, қорытынды бақылау жұмыстарын, емтихандар өткізу;

5) мемлекеттік тілдің қоғамдық функцияларын дамыту, кеңейту мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасау;

6) семинар-практикумдар, әдістемелік семинарлар, вебинарлар өткізу және кеңес беру үшін басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

7) тілдерді дамыту бойынша практикалық, ақпараттық-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;

8) Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың тұжырымдамасын іске асыру және мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мақсатында түрлі іс-шараларға қатысу және өткізу, форумдар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», конкурстар ұйымдастыру;

9) қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқытуға, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгеруге бағытталған оқу бағдарламаларын іске асыру;

10) оқытушылардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу;

11) оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, әдістемелік материалдар мен оқу құралдарының жобаларын әзірлеу;

12) қолданыстағы заңнама талаптары сақтала отырып әзірленген оқу жоспарларын, бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды, оқу құралдарын жұмыста пайдалану;

13) заманауи педагогикалық ғылым негізінде оқу процесін ұйымдастыру және оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері мен техникалық құралдарын енгізу;

14) оқу-әдістемелік кеңестің отырысында оқытушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіруді қарастыру, оқу-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу, оқу процесінде қолданылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік және көрнекі құралдарды саралау, қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау жөніндегі ұсыныстарды талқылау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.».

2. «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның Жарғысына енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарын хабардар етуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі



Қ. Ақсақалов



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 19 сәуір

Қостанай қаласы

№ 165

город Костанай

**Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы
№ 496 «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

15 тармақта:

7) тармақша алынып тасталсын;

8) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«8) тілдерді дамыту бойынша практикалық, ақпараттық-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;».

2. «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның Жарғысына енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарына хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



А. Мұхамбетов



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 13 қаңтар

Қостанай қаласы

№ 11

город Костанай

**Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496
«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысында:

5-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«5. Оған байланысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қостанай облысы әкімдігі болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқару органы) болып табылады.».

2. «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның Жарғысына енгізілген өзгеріс туралы әділет органдарына хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



А. Мұхамбетов



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017 жылғы 22 ақпан

№ 88

Қостанай қаласы

город Костанай

Әкімдіктің 2016 жылғы
7 қарашадағы № 496 «Тілдарын»
облыстық тілдерді оқыту
орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру
туралы» қаулысына өзгеріс
енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 496 «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген ««Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Жарғының:

7-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 67.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



А. Мұхамбетов

0*0050595



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22 февраля 2017 года

№ 88

Қостанай қаласы

город Костанай

О внесении изменения
в постановление акимата
от 7 ноября 2016 года № 496
«О создании коммунального
государственного учреждения
«Областной центр обучения
языкам «Тілдарын»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 7 ноября 2016 года № 496 «О создании коммунального государственного учреждения «Областной центр обучения языкам «Тілдарын» следующее изменение:

в Уставе коммунального государственного учреждения «Областной центр обучения языкам «Тілдарын», утвержденном вышеуказанным постановлением: пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Место нахождения коммунального государственного учреждения: 110000, Республика Казахстан, Костанайская область, город Костанай, улица А. Байтұрсынова, 67.».

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким области



А. Мухамбетов

0*0050593

Банк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАҒЫЛАДЫ. Қызмет бабына кезегіті көшірмелер шектеулі.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии не являются в установленном порядке.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии не являются в установленном порядке.

Банк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАҒЫЛАДЫ. Қызмет бабына кезегіті көшірмелер шектеулі.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии не являются в установленном порядке.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии не являются в установленном порядке.



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2016 жылғы 7 қараша

Қостанай қаласы

№ 496

город Костанай

**«Тілдарын» облыстық тілдерді
оқыту орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру туралы**

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылсын (бұдан әрі – мекеме).
2. Қоса беріліп отырған мекеменің Жарғысы бекітілсін.
3. «Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі жоғарыда аталған коммуналдық мемлекеттік мекемені заңнамамен белгіленген тәртіпте әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



А. Мұхамбетов

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалынып, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серияного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.